

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қазақстанның экологиялық мәселелер және оның шешу жолдары

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.02.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/150275/

Ауа, су, жер-бізді қоршаған орта. Бүгінгі таңда олардың жағдайы нашар болып бағаланады, бүкіл жер жүзі экологиялық дағдарыста. Қазақстанның экологиялық мәселелері:

•Қазақстан дағы ауаның ластануы:

- Пайдалы қазбалар өндірісі.
- Мұнай мен газ өндірісінде ілеспе газды жағу.
- Автокөліктер санының көбеюі.

Осы себептермен Қазақстанның қалаларының ауасы шамадан тыс ластанған. Бұл мәселелердің шешімі:

- Заманауи тиімді тәсілдерді қолдана отырып, өндірістік қалдықтардың көлемін азайту.
- Заманауи тазарту жүйелерін орнату.
- Көлік санын қысқарту.
- Атмосфераға зияны аз электрон көліктермен алмастыру.

•Судың ластануы:

Қазақстанның өзен көлдерінің көпшілігі экологиялық апат жағдайында олардың ең бастылары-Арал теңізі, Каспий теңізі, Балқаш көлі. Кеңес дәуірі өзен көлдердің суы егістік алқаптарды қолдану үшін өте көп қолданылды. Бұл кезде экологиялық проблемалар ескерілмеді. Сондықтан Арал теңізі жайылып кетуге аз қалды. Ол бұрын әлемдегі төртінші көл болған. Бұл балықтардың жойылып кетуіне құнарлы жерлердің шөлге айналып кетуіне әкеліп соқты. Балқаш көліне өнер кәсіптік қалдықтар мен қоқыс төгілендіктен Балқаш көлі таяздана бастады. Каспий теңізі де адам тіршілігінің арқасында осындай экологиялық проблемаларға ұшыруда.

Бұл проблемаларды шешу жолы:

1. Суғару үшін кететін өзен суын азайту.
2. Бұл проблемаларды көрші елдермен бірлесіп шешу.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.